



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 29 тамыз

«Сәлем» сақтандыру компаниясы» АҚ-на ерікті нысандағы түрлері бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиясынан айыру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамызындағы № 173 қаулысымен 2018 жылғы 28 тамызынан бастап:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциялық нормативтердің талаптарын және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) сақтамау;
- лицензияның қолданылуы бірнеше рет (соңғы он екі айдың ішінде екі рет) тоқтатыла тұру,

арқылы көрінген бұзушылықтар үшін «Сәлем» СК» АҚ ерікті нысандағы түрлері бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиясынан айырылды.

«Сәлем» СК» АҚ-қа қолданыстағы сақтандыру шарттарын ұзартуды және сақтандыру сыйлықақыларын, сақтандырудың ерікті нысанындағы сақтандыру түрлері бойынша «Сәлем» СК» АҚ жауапкершілігінің көлемін ұлғайту көзделетін оларды өзгертуді қоса алғанда, жаңа сақтандыру шарттарын жасасуға тыйым салынады.

Сақтандырудың ерікті нысандағы түрлері бойынша бұрын жасалған сақтандыру шарттары бойынша «Сәлем» СК» АҚ өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға міндетті не сақтанушының келісімі болған кезде сақтандыру портфелін беруді жүзеге асыру керек және (немесе) сақтанушылармен жасалған сақтандыру шарттарын бұзу керек.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz